

# Қош бол, Әліппем

Ашық тәрбие сағаты

«Қош бол, Әліппем»

Жиенбаева А

Алматы 2011 жыл

- Сабактың мақсаты: 1. Оқушылардың білімдерін бекіту, олардың алған білім-білік дағдыларын көрсету.  
2. Тілін дамыту, сөздік қорын молайту.  
3. Ұқыптылыққа, шашшандыққа тәрбиелеу.

Сабактың көрнекілігі: Бет перде әріптер, ұлағатты сөздер, оқулықтарға арналған банерлер, шарлар, гүлдер, слайд, фотомонтаж.

Сабактың барысы:

1-мұғалім: Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Бүгін елдігіміз ескеріліп, егеменді ел болған, тәуелсі тұлпардай етек-жеңіміз кеңейіп, атымыз алысқа жетіп жатқан шақта, бүгін сіздер үшін тойларыңызға тағь бір той қосылмақшы.

2-мұғалім: Ана тілінің ғажайып әрі шынайы әлеміне бүлдіршіндерді дәл жетелейтін өз тілін оқып үйренуі оқи алсам деген ұмтылысқа шақыратын әліппе оқулығы. Міне, бүгін сіздер барлық ғылымның анасы бізді болашағымыздың негізі- әліппемен қоштасу тойына келіп отырсыздар. Тойларың тойға ұлассын.

Шәкірттеріміз ата-ананың ұлы емес, халықтың ұлы болсын!

1-мұғалім: Өсті міне бойларың,  
Өсті ақыл ойларың

Қуанышқа ортақпын  
Құтты болсын тойларың.

2-мұғалім: Бала деген шіркін-ай балдай екен  
Тәттілігі жая мен жалдай

Арып –ашып даладан келгенінде

Бал иісін таттырып алдайды екен- деп Кенен Әзірбаев айтқандай кішкентай бүлдіршіндерді бал тіліне құлақ салайық.

1-жүргізуші: Өлшеулі ар-намысы халқымыздың  
Қорғаны адамдықпен салтымыздың  
Армысыздар аяулы ұстаздарым  
Сенері сендерсіңдерхалқымыздың.

2-жүргізуші: Өмір берер ертеңгі бағаларын  
Әліппемен қоштаспақ бүгін балаларың  
Халқыма ұрпақ берген, өмір берген  
Қош келдің ата-әже, әкелер мен аналарым.

3-жүргізуші: Бүгін бізде үлкен қуанышты күн. Біз алғаш мектепке келіп, оқу, жазу үйренген алғашқы оқулығымыз әліппені аяқтап, қоштасқалы отырмыз.

4-жүргізуші: Алғаш қолымызға гүл шоғын алып № 37 мектептің табалдырығын аттап өткелі 4 ай уақыт өтіпті. Осы уақыттың ішінде біз 42 әріпті үйреніп, енді өзіміз оқып та, жаза да аламыз.

1-жүргізуші: Ең алғаш алғанымда «Әліппені»

2-жүргізуші: Қызығып қарай бердім әріптерді.

3-жүргізуші: Мен үшін жұмбақ болып қалар ма еді?

4-жүргізуші: Ұстазым кілтін оның алып берді.

Хор: «Мұғалім- ол біздің.»

1-мұғалім: Бар білімнің бастауы  
Бар ғылымның бастауы

Жас балаға нұр шашқан  
Қандай кітап тіл ашқан.

Оқушылар: Әліппе, әліппе, әліппе.

2-мұғалім: Олай болса бәрімізге ең қымбат әліппені ортаға шақырайық. Қане хормен:

Әліппе, әліппе, әліппе.

Әліппе: Армысыздар , жас достар!  
Армысыздар ата-аналар!  
Болашаққа жол бастар  
Әліппе келді ортаға  
Білім деген ғажайыштың,  
Әліпбиін меңгерген  
Келешегі қазақтың  
Басталады сендерден.

Әліппенің сұрағы:

1-сұрақ: Балалар, әліппені алғаш жазған кім?

2-сұрақ: Балалар, сендерге Ыбырай аталарың қандай өсиет қалдырды?

Хор: «Әліппе».

1- оқушы: Бар кітапқа бас болған  
Әліппе ғылым ағасы  
Әліппеден басталған  
Даналықтың данасы.

2-оқушы: Іші толған әріпке  
Жақсы кітап әліппе  
Әліппені аламыз,  
Мектепке біз барамыз.

3-оқушы: Іші толған әріпке  
Жақсы кітап әліппе  
Барлық білім-ілімнің  
Ағасы осы әліппе.

4-оқушы: Біз жазамыз «ана» деп  
Біз жазамыз «дана» деп  
Біз жазамыз «бала» деп  
Біз жазамыз «Отан» деп.

5-оқушы: Биік-биік таулар деп  
Қызыл-жасыл баулар деп  
Қаһарманды ел қазақ деп  
Болашағы ғажап деп.

6-оқушы: Апа-ата атын сен  
Бізге үйреттің әліппе  
Бізге нағыз жақынды  
Сенен білдік әліппе.

7-оқушы: Келгенде алғаш мектепке  
Білмеуші едік әріп те  
Оқимыз қазір ертек те  
Үйреткен оны Әліппе.

Хор: «Үйретеді»

8-оқушы: Әліппе деген даңғыл жол  
Апарар сені алысқа  
Жеңіл емес ауыр жол  
Тырысып бақ намысқа.

9- оқушы: Көлге айналған бұлақтың  
Қайнар көзі әліппе.  
Том-том қалың кітаптың  
Басы болар Әліппе.

1-жүргізуші: Әр жігіттің үш жұрты болады демекші, әліппе осы қуанышты бөлісуге туған-туысқандарын ала келіпті.

2- жүргізуші: Әліппенің өз жұрты дауысты дыбыстар.

3-жүргізуші: Нағашы жұрты- дауыссыз дыбыстар.

4- жүргізуші: Қайын жұрты: ь, ь белгілері.  
Ендігі сөз кезегін туған-туысқандарға берейік.  
Әріп-тақпақтар керек.

10-оқушы: Барлық әріп бағалы.  
Айттық әділ- бағаны  
Әріпсіз сөз болмайды  
Буын онсыз толмайды  
Адам барлық әріпті  
Ардақтайды, қолдайды.

11-оқушы: Анам менің, әкем де  
Атам менен апам да  
Шопан, ұшқыш, ғалым да  
Небір мықты дарын да  
Тіл сындырып әріпке  
Ашқан алғаш әліппе.

12- оқушы: Күндерге күн ұласты.  
Жылжып-жылжып ай асты.  
Ойдағыдай бітірем  
Мен бірінші сыныпты.

1- мұғалім: Әріптердің иесі, құрметті әліппе!  
Сізге шексіз алғысымызды білдіре отырып, сізді демалыс сауықтыру орталығына жібергелі отырмыз және Білім әкімшілігінің атынан «Еңбегі сіңген білімгер» атағын табыс етуге рұқсат етіңіз.

Әліппенің құрметіне би: «Шығыс биі»

13- оқушы: Ашылды енді алдымнан  
Кең дүние есігі  
Соғылған

Әліппе - білім бесігі.

14- оқушы: Әліппем менің әліппем,  
Өмірді көрем танып мен  
Қайталап айтам мың рет  
Өзіңе көп-көп рахмет.

15- оқушы: Қош бол құтты әліппем,  
Көп нәрсені үйреттің  
Таныстырып әріппен,  
Тақылдатып сөйлеттің.

16- оқушы: Бүкіл қазақ баласы дәріптеген  
Қоштаспақпыз сүйікті әліппемен.  
Ризамыз бәрімізді таныстырған,  
Сөз бен дыбыс, әр түрлі әріптермен.

17-оқушы: Таныстырып 42 әріппен,  
Қош бол менің қасиетті Әліппем!  
Сенің арқаң оқи жаза білгенің  
Сауатты адам санатына кіргенім.

18- оқушы: Әлшіппемен қош айтысып қаламыз,  
Енді қолға Ана тілін аламыз.  
Ата-ана қуанышқа ортақ бол  
Сауаты боп шықты міне балаңыз.

Әліппе ана тілі оқулығына аманат тапсырады.

Хор: «Қош бол сүйікті әліппем.»

1-мұғалім: Балалар ендігі сендердің жаңа достарың –Ана тілі. Сондықтан әліппені қалай меңгерсеңдер Ана тілінде солай меңгеруге сөз бересіңдер ме?

2-мұғалім: Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой- деп Абай атамыз жырлағандай, осы бес қасиетті бойымызға дарыту үшін ана тілін меңгеруіміз керек.

Ана тілі: Туған елдің тілімін,  
Ақылыммен таныламын.  
Түсіндірер бәріне,  
Ана тілі пәнімін  
Ана тілі ұраным  
Ана тілі болмаса  
Мықта болмас тұрағым.

Балалар енді мені оқитын боласыңдар. Мен сендерге көп нәрсені үйретемін. Барлық қазына байлық оқу-білімде. Ол туралы қандай мақалдар білесіңдер?

1-оқушы: Кітап-білім бұлағы,  
Білім- өмір шырағы.

2-оқушы: Ақыл- тозбайтын тон,  
Білім- таусылмайтын кен.

3- оқушы: Кітапсыз білім жоқ,  
Білімсіз күнің жоқ.

4- оқушы: Ақыл азбайды,  
Білім тозбайды.

5- оқушы: Оқу инемен құдық қазғандай.

6- оқушы: Білім іздеген озар,  
Бүлік іздеген тозар.

7-оқушы: Білекті бірді жығады,  
Білімді мыңды жығады.

8- оқушы: Оқу- білім бұлағы,  
Білім-өмір шырағы.

Би: Қыздар тобы.  
Көрініс.

1-оқушы: Ана тілін білмеген  
Ақылы жоқ желікбас.  
Ана тілін сүймеген  
Халқын сүйіп жарытпас.

2-оқушы: Ана тілің- арың бұл  
Ұятың боп тұр бетте  
Өзге тілдің бәрін  
Өз тіліңді құрметте.

3-оқушы: Ақыл-ойын дананың  
Ана тілден аламын  
Ана тілім ардақты  
Ақ сүтіндей анамның.

4-оқушы: Ана тілім - елдігім,  
Ана тілім – ерлігім,  
Ана тілім болмаса  
Бүтінделмес кемдігім.

Ана тілі: Білімнің бетін жарық ет!  
Ұл-қызымды білімді ет,  
Келесі оқу жылына,  
Аман-есен түгел жет!  
«5» болсын алар бағамыз,  
Білімнен бақыт табамыз.  
Өнер-білім көп тоқып .  
Өсе берсін санамыз!  
Әумин.

1-мұғалім: Бүгінгі кеш әр үйдің «Той басы» деп саналар,  
Балалардың есімі әулеттерге таралар.

2- мұғалім: Бұрым етіп сондықтан тойымыздың соңында  
Ақ ниетпен баршаға тілек айтар қонақтар.

Мұғалім: Әліппені жақсы меңгеріп, сауатты жазып оқуларыңа ата-аналарыңның қосқан  
үлесі мол. Сіздерге алғысымызды білдіре отырып ендігі сөз кезегі сіздерде.